

Келісілді:
«Күншуак+» жеке балабақшасы
әдіске^{рі} Галияскарова А.С.

Бекітемін:
«Күншуак+» жеке балабақшасы
менгерушісі:  Султанова А.Б.



**2024-2025 оқу жылына ариалған «Балауса» ересек тобының
қазақ тілі пәнінен ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жылдық жоспары
(№1 педагогикалық көңес 28.08.2024 ж.)**

Пән мұғалімі: Галияскарова А.С.

ТҮСІНІК ХАТ

Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру процесі төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырылады:

-Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарының бекіту туралы» бүйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндettі Стандарты;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бүйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бүйрығы;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінін міндettін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бүйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

-Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оку жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты (КР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институтының» ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттамасы);

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазан №422 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бүйрығы бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

-Мектепке дейінгі жастағы балаларға казақ тілін үйрету бойынша әдістемелік ұсынымдар (КР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институтының» ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2024 жылғы 17 маусым №5 хаттамасы).

Қазақ тілі мұғалімінің 2024-2025 оку жылындағы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің апталық оқу жүктемесі:

-«Тұлпар» ересек тобы аптасына бір рет;

Қыркүйек айы «Еңбеккорлық және қасіби біліктілік»

№	Такырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағаты	Күні
1	Балабакша	<p>Балабакшага деген сүйіспешілігін дамыту, өзінің балабакша ұжымының мүшесі екенін санаудың сініру, достық қарым — катынас сезімдеріне тәрбиелу.</p> <p><u>Тілдік дамытушы орта:</u> Ұжымдық әнгімелесушінің сезін белмей, кезекпен сейлеуге, сойлесу барысында әнгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сейлеу манерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әркетін түсіндіруге және далелдеуге баулу.</p>	1	
2	Менің отбасым	<p>«Отбасы» күндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды көнектізу, оны сүйе білуге, отбасы иғілігі үшін талмай енбек етуге үйрету; Өз отбасы мүшелері туралы айтып, олардың камқорлықтары туралы білім беру.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Тұстық қарым-қатынасты («сінлі», «женге», «кездे», «нагашы», «жиен», «беле») білдіретін сезідерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар туралы айтуда баулу.</p>	1	
3	Табигат әлемі	<p>Балалардың табигат жайлы ұғымдарын тиянақтау. Табигатта болатын таңғажайып құбылыстарды бакылай білуге үйрету. Табигатты суюғе, аялауга, оған камкор бола білуге тәрбиелу.</p> <p><u>Тілдік дамытушы орта:</u> Айналасындағы өзін коршаган ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы акпараттарды алуға және оларды талқылауга мүмкіндік беру.</p>	1	
4	Менің Қазақстаным	<p>Балалардың өз Отанын танып білуге үйрету. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні, Елтанбасы, Туы туралы білімдерін көнектізу. Отанына деген сүйіспешіліктерін дамытып, патриоттық сезімге тәрбиелу.</p> <p><u>Тілдік дамытушы орта:</u> Анық және калыпты карқынмен сөйлей білуді дамыту.</p>	1	

Қазан айы «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»

№	Такырыбы	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағаты	Күні
1	Кош келдің, Алтын күз	<p>Балалардың күз мезгілі, күз мезгіліне тән құбылыстар туралы түсініктерін көңейту, сөздік корларын жана сөздермен байыту; дилогтік сөйлеуін дамыту.</p> <p><u>Байланыстырып сөйлеу:</u> Бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауга мүмкіндік беру.</p> <p>-Заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауга, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиганы ойлап табуга баулу.</p>	1	
2	Күз сыйы	<p>Балалардың күз мезгілі туралы білімдерін нақтылау, күз мезгіліне тән белгілерді билу және таба алуға үйрету. Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы білімдерін көңейту. Қеконістер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы ұғымдарын бекіту. Күз мезгілінің ерекшеліктерін бағалайбілутабиғатты корғап, аялауга және әсемдігін бағалай білуге тәрбиелеу.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Шагын олендер, тақпақтар жаттату.</p>	1	
3	Ас атасы-нан	<p>Тәғам түрлері, нан туралы білімдерін бекіту. Балалардың есте сактау, ойлау кабілеттерін арттыру, ез ойларын еркін, әрі нақты жеткізе білуге дагдыландыру, ойын арқылы сөздік корларын молайту.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Коршаган ортадагы түрмистық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дагдыларын калыптастыру.</p> <p><u>Байланыстырып сөйлсу:</u> Суреттер бойынша әнгіме курастыруга баулу.</p>	1	
4	Жыл құстары	<p>Балалардың кыстал қалатын жыл құстары, құстар туралы түсініктерін көңейту. Шыгармашылық кабілеттерін дамыту.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Коршаган ортадагы құстардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дагдыларын калыптастыру.</p>	1	

Қараша айы «Әділдік және жауапкершілік»

№	Такырыбы	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағаты	Күні
1	Жомарт күз	<p>Күз туралы білімдерін тиянақтау. Күз сыйдагы адамдар енбекіне күрмет сезімінде тәрбиелу. Ырыс, құтбереке, молшылық сөздерінің мағынасын түсіндіру, сөздік корын молайту. Байланыстырып сойлеу тілін, көркемдік талғамын, кимыл-козғалысын дамыту.</p> <p><u>Байланыстырып сейлеу:</u> Заттарды 4-5 сөлеммен сипаттауга, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиганы ойлат табуга баулу.</p> <p><u>Сейлеудің дыбыстық мәденинеті:</u> Артикуляциялық және дауыс аппаратын дамыту.</p>	1	
2	Көлік	<p>Көлік түрлері туралы түсініктерін кенейту. Аткаратын қызметі және жүретін ортасына карай (ауда, жерде, суда) көліктерді топтастыра білуге үйрету. Көліктердің пайдалы және зиянды жактары туралы білімдерін дамыту. Енбек сүйігіштікке тәрбиелу.</p> <p><u>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті:</u> Сейлеуде тыныс алушы дамыту.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Такырыпка байланысты шағын елдендер жаттатқызу.</p>	1	
3	Жабайы табиғат әлемі	<p>Балаларга жабайы табиғат, тіршілік, коршаган орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға елі және тірі табиғат жөнінде мәғлұмат беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен карауга, қадірлек білу және камкорлық жасай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p><u>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті:</u> Фонематикалық естуді дамыту.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Коршаган ортадагы заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дагдыларын қалыптастыру.</p>	1	
4	Менің туган елкем	<p>Туган елке туралы түсінік беру. Өздерінің туган елкелері туралы әңгімелеп айтуда үйрету. Сөйлеу тілдерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Туган елкелеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.</p> <p><u>Тілдік дамытуши орта:</u> Айналасынлагы өзін коршаган органдагы оқигалар туралы акларат алу және оларды талқылау.</p> <p><u>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті:</u> Анық және қалыпты карқынмен сойлей білуді дамыту.</p>	1	

Желтоқсан айы «Бірлік және ынтымақ»

№	Такырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағаты	
1	Алақай, қыс келді!	<p>Коршаган ортага қызыгушылықтарын арттыру. Өз ой – пікірлерін айтып, қуанышымен белсуге үйрету. Қыста қандай езгерістер болатынын балаларға түсіндіру және адамдардың ауа райына байланысты қалай киину керек екені туралы айтуду.</p> <p><u>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті:</u> Казак тіліне тән [Ө] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуда баулу.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Табигат құбылыстарының атауларын білдіретін сездерді түсіну.</p>	1	
2	Жайнай бер, Қазақстаным!	<p>Тәуелсіздік туралы терен мәдениеттерін беру. Ата - бабамыздың тәуелсіздік жолындагы ерлігін үлгі стіл, ез Отанын сүюге, еліне, халқына қызмет етуге тәрбиелу. Еліміздің тәуелсіздігін атап ету карсанында ел тарихына шолу жасау. Тәуелсіз еліміздің жетістіктерімен таныстырып, білгендерін тереңдету.</p> <p><u>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті:</u> Казак тіліне тән [Ө] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуда баулу.</p> <p><u>Байланыстырып сөйлеу:</u> Бұрыннан таныс немесе бейтансыз ертеғілер мен шагын көркем шыгармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойыниша кайталап айтуда баулу.</p>	1	
3	Қош келдің, Жана жыл!	<p>Жана жыл мерекесі жайлы түсінік беру. Балаларды табигатты сүюге, ұқыптылыққа тәрбиелу. Балалардың сейлеу дағдыларын қалыптастыру, ой-күяларын дамыту.</p> <p><u>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті:</u> Казак тіліне тән [Қ] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуда баулу.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Кітаптан ертеғілер, көркем шыгармалар оқып беруде олардың мазмұнын дүрсіс кабылдауга, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетінсөз ойнын білдірге баулу.</p>	1	
4	Жана жылдық сыйлықтар	<p><u>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті:</u> Казак тіліне тән [Қ] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуда баулу.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Өзінің отбасындагы мерекелер, қызықты оқиғалар туралы айтуда баулу.</p>	1	

Қаңтар айы «Зан және тәртіп»

№	Такырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағаты
1	Кыс қызығы	<p>Балалардың шыгармашылық киялды, коркемдік талғамын дамыту, қысқы табигат жайлы ұғымдарын тиянақтау, қысқы орман көрінісін тіршілігін тамашалау арқылы ондагы жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне деген сүйіспеншілік сезімін арттыру, ұлла кар, шымыр аяз, боран деген сөздердің мағынасын терең түсіндіру, баланың тілін жетілдіру, дұрыс сөйлеуге баулу.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Шыгарманы жеткізуге оның мазмұны мен сипаттына сәкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпізді қолданып, мәнерлелеп айтуда баулу.</p> <p><u>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті:</u> Қазақ тіліне тән [Y] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуда баулу.</p>	1
2	Кардың пайдасы	<p>Балаларға кар, кардың пайдасы туралы айтып, білімдерін кенейту. Кардың қай жыл мезгілінде болатынын, не себепті түсі ақ болатынынайтып түсіндіру.</p> <p><u>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті:</u> Қазақ тіліне тән [Y] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуда баулу.</p> <p><u>Байланыстырып сейлеу:</u> Ертегілерді өз бетінше ретімен кайталап айтуда, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әнгіме құрастыруға баулу.</p>	1
3	Андардың қысқы тіршілігі	<p>Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кенейту. Тапсырма беру арқылы балалардың сөздік корларын байту, ойтау кабілеттерін арттыру.. Қысқы орманға саяхат арқылы жабайы андардың атауларын және олардың немен коректенуі туралы түсінктерін молайту. Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа, шашшандыққа үйрету.</p> <p><u>Тілдік дамытушы орта:</u> Жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізу.</p> <p><u>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті:</u> Қазақ тіліне тән [Y] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуда баулу.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Коршаган ортадағы жануарлардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дагдыларын қалыптастыру.</p>	1
4	Қыстайтын құстар	<p>Балаларға құстардың түрлерін соның ішінде қыстап қалатын құстар туралы білімдерін бекіту, сөздік корларын молайтып, байланыстырып сейлеу дагдыларын қалыптастыру.</p> <p>Балалардың бойында камкорлық, мейірімділік қасиеттерін ояту.</p> <p><u>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті:</u> Қазақ тіліне тән [Y] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуда баулу.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Коршаган ортадағы құстардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дагдыларын қалыптастыру.</p>	1

Ақпан айы «Қасампаздық және жаңашылдық»

№	Такырыбы	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сарыты
1	Мен және коршаган орта	<p>Баланың коршаган ортага деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Коршаган ортага байланысты көрнекіліктер пайдалана отырып, баланың ой ерісін дамыту. Коршаган туралы түсінік беріп, олар туралы әнгімелесу.</p> <p><u>Тілдік дамытуши орта:</u> Айналасындағы езін коршаган ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқигалар туралы акпаратты алуға және оларды талқылауга мүмкіндік беру.</p> <p><u>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті:</u> Казак тіліне тән [I] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуга баулу.</p>	1
2	Алуан-алуан кәсіп бар, тандаій білде талап кыл!	<p>Балаларға мамандыктардың түрлерін таныстыру түсініктерін молайту. Олардың адам оміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып өз бейіміне сәйкес мамандық тандай білудің ықпал жасау. Кәсіп сөзін түсіндіру. Балалардың ойлау кабілеттерін дамыта отырып, қызыгуышылығын ояту.</p> <p><u>Тілдік дамытуши орта:</u> Сейлеусу барысында әнгімелесушінің назарын езіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше колдануга баулу.</p> <p><u>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті:</u> Казак тіліне тән [I] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуга баулу.</p>	1
3	Техника және біз	<p>Телефонның адамға пайдасы мен зияны туралы білімдерін ныгайту. Есте сактау кабілеттін дамыту. Ұқыптылықка тәрбиелеу.</p> <p><u>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті:</u> Казак тіліне тән [F] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуга баулу.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дагдыларын қалыптастыру.</p>	1
4	Дені саудын- жаны сау	<p>Балаларға салауатты емір салтын сактаудың қажеттілігін, зиянды заттардың зарданпартарын білуге, жат әдептерден аулақ болуга үйрету; ой – ерістерін, сана сезімдерінің тілдерін, шыгармашылықтарын дамыту; жас үрпакқа адам денсаулығының басты байлық екендігін түсіндіру. Денсаулық негізі кимыл, спорт, дұрыс тамактану, таза ауада дұрыс жүру екенін ұғындыру. Шымыр да шапшаш, ұқыпты да жинақы, талғампаз да канагатшыл, таза да әдемі болуга, адамгершілік пен биік мәдениеттілік касиеттерді бойына сінірген жан – жакты, рухани дамыған тұлғаны тәрбиелеу.</p> <p><u>Сейлеудің дыбыстық мәдениеті:</u> Казак тіліне тән [F] дыбысын жеке, сөз ішінде анық айтуга баулу.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Такырыпка байланысты такпактар жаттату.</p>	1

Наурыз айы «Тәуелсіздік және отаншылдыру»

№	Такырыбы	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағаты
1	Көктем жаршысы-құстар	<p>Құстар, соның ішінде жыл құстары туралы түсінік беру, құстардың тіршілігі туралы баяндау.</p> <p>Құстар туралы жұмбактар шешу арқылы қызығушылығын арттыру, құстарды қоргауга деген сезімін арттыруға жетелесу. Балаларға экологиялық тәрбие беру, яғни құстарды қоргауга, оларға тиіспеуге, үя жасап карсы алуға тәрбиелесу.</p> <p>Сөздік көр: Коршаган ортадагы құстардың атауларын білдіретін сездерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p>	1
2	Жылғалардан су акты	<p>Көктем мезгілін сипаттау, балаларды табигат тамашаларымен таныстыру. Табигат ерекшеліктері мен езгерістерін бакылау арқылы тілдерін дамыту, табигатты аялауга, табигаттың әсемдігін, сулулығын көре, сese білуге тәрбиелесу.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы сөйлемдермен жауап беруге баулу.</p>	1
3	Салт-дәстүрлер және фольклор	<p>Қазактың салт-дәстүрлері туралы білімдерін көңейту, балалардың сездік корын, есте сақтау, танымдық кабілеттерін дамыту, ұлкендерді құрметтеуге, сыйлауга, қазактың салт-дәстүріне құрметпен қарауга тәрбиелесу.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес лепті сөйлемдермен жауап беруге баулу.</p> <p>Сөздік көр: Өзінің отбасының салт-дәстүрлері туралы айтуға баулу.</p>	1
4	Өнер көзі-халықта	<p>Ұлттық мерекеге деген құрмет сезімдерін тәрбиелесу. Наурыз айындағы мерекелердің мән мағынасын білу дағдыларын дамыту. Наурыз мерекесін өткізу дәстүрлерімен таныстыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес бүйрықты сөйлемдермен жауап беруге баулу.</p> <p>Сөздік көр: Санамактар жаттату.</p>	1

Сәуір айы «Еңбеккорлық және кәсіби біліктілік»

№	Такырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттін міндеттері	Сағаты
1	Фарышка саяхат	<p>Балаларға гарыш алемі жайлы түсінік беру, гарыш алемі және оның күпия сырларына деген қызыгуышылдықтарын қалыптастыру. Фарышкерлерге деген күрмет сезімдерін тәрбислеу. Өз ойларын толық жеткізу, әнгімелерге дагдыларын пысықтау.</p> <p><u>Тілдің грамматикалық құрылымы:</u> Сөздерді жіктең колдана білуді үйрету.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Жаңылтпаштар жағтату.</p>	1
2	Жер-Ана!	<p>Жердің адам еміріндегі маныздылығын түсінірүү. Жерге камкорлық жасау карым-катьнастарын дамыту. Жерді кадірлеуге тәрбиелеу.</p> <p><u>Тілдің грамматикалық құрылымы:</u> Сөздерлі тәуелден колдана білуді үйрету.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Жұмбактар шешкізу.</p>	1
3	Кектемгі ағаштар	<p>Табигаттың әсемдігін, сұлулығын, көре, сезе білуге тәрбиелеу. Балалардың байланыстарын сөйлеуін, тілін, сөздік корын дамыту. Табигаттагы тіршілік, кектемгі ағаштар туралы білімдерін кенейту.</p> <p><u>Тілдің грамматикалық құрылымы:</u> Сөздерді септеп колдана білуді үйрету.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Санамактар жағтату.</p>	1
4	Бір шанырак астында	<p>Халқымыздың ұлттық салт-дәстүрін қалыптастыру. Қазақстан көп ұлтты мемлекет екенін үйрету.</p> <p><u>Байланыстырып сейтеу:</u> Өзі мен құрдастарының жауабындағы көзделіктерді және жауаптың дұрыстығын ажыратып жаңа дұрыс жауабын ұсынуға баулу.</p>	1

Мамыр айы «Бірлік және ынтымақ»

№	Такырыбы	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағаты
1	Бейбітшілік корғанында	<p>Жас ұрпақты бейбітшілікті сактау және нығайтуға, ез Отанын сүюге, еліміздің саясатын қолдауға, ерлікке, интернационализмге тәрбиелеу; оқушыларды адамгершілік, бауырластық, отансүйгіштік касиеттерге баулу.</p> <p><u>Тілдік дамытуши орта:</u> Ұжымдық әнгімелеге қатысуға, әнгімелесушінің сезін белмей, кезеклен сөйлеуге баулу.</p>	1
2	Табигаттың гүлденүі	<p>Коршаган ортага деген көзкарасын көнектіп, табигатты сүйюге, қамкор бола білуге, табигат байлығын, сұлтудығын сезіне білуге сурет көрінісін әнгімелеп, бейнелей білуге үйрету.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Коршаган оратдагы есімдіктердің атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дагдыстарын калыптастыру.</p> <p><u>Тілдің грамматикалық курылымы:</u> Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету.</p>	1
3	Көктемігі егістік	<p>Улкендердің енбектері туралы балалардын түсініктерін әрі карай дамыту. Ауыл -шаруашылық енімдерінің түрлері, оларды ендіретін адамдардың енбектері жайлы магұлматтар беру. Еңбексүйгіштікке баулу.</p> <p><u>Тілдің ғрамматикалық курылымы:</u> Улғі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету.</p> <p><u>Сөздік кор:</u> Терт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын калыптастыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиршы» аталған атаулардың олардың енбегімен байланыстылығын түсіндіру.</p>	1
4	Жайдары жаз келді	<p>Балаларды әр жыл мезгілінін ерекшеліктерімен таныстыру. Балалардың жаз мезгілінде болатын табигат күбылыстары туралы түсініктерін көнектізу. Балаларға жаз мезгіліне байланысты жұмбактар жасыру, тактикар, макал-мәтеддер айту арқылы сезідік корларын молайтып, ой-ерісін, тілдерін дамыту.</p> <p>Балаларды табигатка қамкорлықпен қарап қорғауга тәрбиелеу</p> <p><u>Тілдің ғрамматикалық курылымы:</u> Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуға мүмкіндік беру.</p> <p><u>Байланыстырып сөйлеу:</u> Бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауга мүмкіндік беру.</p>	1